

**«Көшбасшылық» -
тәжірибені
жетілдірудің басты
құралы**

Танысу, “Сергіту сәті”

- Таныстыру
- “Шаршама да шаршама” (Көңіл көтеру)
- Топқа бөліп отырғызу (Бағдарламадағы Смайлик, алма кызыл, екі алма)

*«Біреу үшін ерлік асып-саспауда,
Екінші үшін тез бітіріп
тастауда.*

*Адамшылық айтуынша Абайдың,
Байқалады істі қалай бастауда»*

**Жақсы адам сізге бақыт
әкеледі, жаман адам сізге
тәжірибе жинақтатады, өте
жаман адамнан сіз сабақ
аласыз, ал керемет адам
естелік қалдырады**

Көшбасшылық - бұл адамдарды жинап алға қойылған мақсатқа бағыттау.

Көшбасшы мен Басшы мағынасы бір емес.

Басшы – бұл жұмысты беруші және сол жұмыстарға жауап беруші. Жақсы басшы орындалған жұмысты реттеп қабылдап отырады.

Ал, Көшбасшы адамдарды жандандырады, болашақты көру қасиеті арқылы адамдарды ортақ мақсатқа бағыттайды.

**Сіздің
көшбасшылық
қасиеттері
ңіз
төмендегі
лерге
тәуелді:**

**Сіздің мінезіңіздің сипаттамалары,
туа біткен, жүре біткен**

**Өмірдегі жағдайлар, өзіңізді
көрсететін жерлер**

**Сіздің ішкі жан дүниеніз және
зейініңіз адамдарға әсер етеді**



Видеоролик

- Осы видеороликтен Сіздер көшбасшылықтың қандай қасиетін байқадыңыздар?
- (Әр топ өз ойын ортаға салады)

КӨШБАСШЫҒА ТӘН ҚАСИЕТТЕР

Бірінші қасиет. Мінез-құлық: жартастай берік бол!

Нағыз мінез-құлық дегеніміз – ішкі жан-дүниенің кең болуы

Екінші қасиет. Харизма: бірінші қалыптасқан әсер, бәрін шеше алады!

Харизма дегеніміз – адамдарды өзіңізге тарту қабілеті. Адамның басқа мінез-құлқы сияқты оны да дамыта алады. Басқаларға өзіңізді тартымды қылу үшін не істеу керек?

Өмірді сүю.

Әр адамға жоғары баға қою.

Адамдарды үміттендіру.

Тәжірибеніңбен бөлісу.

Харизма жайында сөз болғанда, әр адам өзін басқа біреудің орнына қоя білу керек. Шынайы харизма, өзін ойлау емес, өзгелердің қамын ойлайтын көшбасшыларға тән қасиет! Назарды өзіңізге емес, басқа адамдарға бұру. Бұл – харизма!



- **Үшінші қасиет.** Ісіңізге жан-тәніңізбен берілу: іскерлердің ауызбен орақ оратындардан басты айырмашылығы
Артур Гордон айтқандай: «Сөзді айтудан оңайы жоқ, ал сол айтылған сөз бойынша өмір сүруден қиыны жоқ».

Төртінші қасиет. Дұрыс қарым-қатынас жасай білу
Мына төрт негізгі ұстанымдарды орындасаңыз, тиімді коммуникатор боласыз:

1. Ойыңызды ықшамдаңыз.
2. Нақты адамды көре біліңіз.
3. Адамдарға шындықты көрсетіңіз.
4. Қарсы реакцияны күтіңіз.



Бесінші қасиет. Біліктілік: егер сіз өзіңізде оны ашсаңыз, адамдар сізге келеді.

Егер шынымен біліктілік қасиетін дамытқыңыз келсе, мыналарды істеуіңіз керек:

Әр күн сайын біліктілігіңізді көрсету.

- **Әрқашан мінсіздікке ұмтылыңыз.**
- **Кез-келген шаруаны ойдағыдай асыратын болыңыз.**
- **Сізден күтілетін нәрседен көбірек істеңіз.**
- **Басқаларды жігерлендіріңіз.**

Жеке стандарттарыңыз қаншалықты жақсы болса, сіз де соншалықты жақсы боласыз!



Алтыншы қасиет. Ерлік: ерлігі бар адам, көп адамға тең.

Ерлік өмірді жақсы бастауға ғана емес, жарқын болашағыңызға да зор мүмкіндік береді.

Қорқыныш дегенді жеңе біліңіздер.

Шынайы ерлік – тосынан жақсы нәтижелер әкеледі!

Джон Генри Ньюмен айтқандай: «Өмірім соңына жетті ме деп қорықпаңыз, ол әлі басталмады ма деп қорқыңыз».

Видеоролик [«МФ Лидер»](#)



ПОСТЕР ҚОРҒАУ


**«Көшбасшылық» - тәжірибені
жетілдірудің басты құралы
ұғымына постер жасап қорғау.**

Видеоролик «Қаздар»

**«Қаздар» видео көрсетілімнен
кейінгі сіздің көңіл-күйіңіз**

Видеоролик туралы ой бөлісіңіздер





Көптеген аңыздар мен мифтерге арқау болған осынау әсем әрі құпия жәндік махаббаттың, бақыттың, адалдықтың символы саналады. Батыста үйлену тойларында көгершіндердің орнына көбелектер ұшырып, жас жұбайларға бақыт пен пәк махаббат тілейтін көрінеді.

Әп-әдемі көбелек,
Бәрі оны елемек,
Көбелекті алайық
Тілекті оқып керемет.



Рефлексия

«Кіру- шығу» парағын толтыру
«Тілекті көбелектер»
Көбелектерді алып тілектерді оқу.



